



**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша әкімшілік ережелер туралы" N 43 нұсқаулығына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы**

*Күшін жойған*

БҰЙРЫҚ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті 1998 жылғы 9 қазан N 92. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 24 қазанда тіркелді. Тіркеу N 630. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің  
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"  
Қазақстан Республикасының К010209\_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа  
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына  
сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

35. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі  
әкімшілік ережелер туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі  
Салық инспекциясының N 43 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар бекіту  
туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің  
1998 жылғы 9 қазандағы N 92 V980630\_ бұйрығы.

-----

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Салық  
және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша әкімшілік  
ережелер туралы" N 43  
V950080\_

нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар  
бекітілсін.

2. Жоғарыда айтылған нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар  
мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне  
жолдансын.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Салық комитетінің

1998 жылғы 9 қазандағы

№ 92 бұйрығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Салық комитетінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті  
төлемдер бойынша әкімшілік ережелер туралы" № 43 V950080\_ нұсқаулығына  
өзгерістер мен толықтырулар

XXIX-тараудың 3-тармағының екінші абзацындағы бірінші сөйлем мынадай  
редакцияда жазылсын: "Бұл орайда салық салуға және салық салу объектілерін  
есепке алмау үшін қажетті салықтық және басқа есепті жүргізу тәртібінің  
бұзылуын түсіну керек."

Нұсқаулықтың 1-қосымшасына:

3.6-тармақта:

1 және 2-абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке тұлғаларға Жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін беруді

аумақтық салық комитеті жүзеге асыруы тиіс.

Осы Ереженің 3.2.-тармағында атап көрсетілген құжаттар бар болған жағдайда салық органдары құжаттарды тапсырған күні жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеуін жүргізеді.";

4.2-тармақта:

1-абзац "Астана, Алматы қалаларында және облыс орталықтарында күрделі бөлмелерде, тұрақты орнатылған жерлерде (дүкеншелерде, дүңгіршектерде) халық тұтынатын тауарлар мен тамақ өнімдерін бөлшек саудада жүзеге асыратын кәсіпкерлерден басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

4-абзац "жеке кәсіпкердің қызмет түріне, орнына байланысты" деген сөздермен толықтырылсын;

4.3-тармақтың 3-абзацындағы "(Астана, Алматы қалаларында және облыс орталықтарында күрделі бөлмелерде, тұрақты орнатылған жерлерде ( дүкеншелерде, дүңгіршектерде) халық тұтынатын тауарлар мен тамақ өнімдерін бөлшек саудада жүзеге асыратын кәсіпкерлерден басқа)" деген

сөздер алып тасталсын;

Ереженің 1-қосымшасының 56-тармағындағы "(Астана, Алматы қалаларында және облыс орталықтарында күрделі бөлмелерде, тұрақты орнатылған жерлерде (дүкеншелерде, дүңгіршектерде) жүзеге асырылатын саудадан басқа" деген сөздер алып тасталсын;

Ереженің 2-қосымшасына:

10-жолдағы "Жылдық" деген сөз алып тасталсын;

Ереженің 3-қосымшасына:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Тіркелген жинақталған салықтың сомасы мыналардан тұрады:

- қосылған құн салығы (3-жол);
- қорға жасалатын аударымдар (4-жол);
- міндетті зейнетақы қорлары (7-жол);
- табыс салығының сомасы (9-жол).

Бұл ретте тіркелген жинақталған салықтың сомасы салық төлеуші мәлімдеген , бірақ бір салық жылынан артық емес мерзіміне сәйкес анықталады.";

11-тармақта:

"9" деген сан "10" деген санмен ауыстырылсын және "айлар" деген сөз "(салық төлеуші белгілеген айлар саны)" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Ай үшін Патенті сатып

алу кезінде 10-жол бойынша көрсетілген сома 11-жолға ауыстырылады.";

Ереженің 4 және 5-қосымшаларына:

"Салық комитетінің белгі соғатын орыны" деген сөздер "М.О." деген сөздермен толықтырылсын.

Нұсқаулықтың 2-қосымшасына:

3.4-тармақтағы "және салық және мемлекет алдындағы басқа міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі мерзімі өткен берешектері жоқ" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3.10-тармақпен толықтырылсын:

"3.10. Шаруа қожалықтарының мемлекеттік тіркелуі тіркеу төлемдерінсіз-ақ іс жүзіндегі сипатқа ие болады.";

5.2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын ұстағаны және бюджетке аударғаны үшін жауапкершілік табыс төлейтін Қожалыққа жүктеледі.";

Ереженің 2-қосымшасына:

13-жолдағы "+ 10-жол" деген сөздер алып тасталсын;

17-жолдағы "14-жол" деген сөздердің алдына "10-жол+" деген сөздермен толықтырылсын;

Ереженің 3-қосымшасына:

2-тармақтың екінші абзацындағы "1270", "20", "120", "833", "20", "120", "437", "1270", "833" деген сандар тиісінше "693", "10", "110", "454", "10", "110", "239", "693", "454" деген сандармен ауыстырылсын;

4-тармақта:

мысалдағы "100" деген сан "50" деген санмен ауыстырылсын, "230100" деген сан "115050" деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"50 адамға дейін жұмыс істейтін шекті саны бар қожалық (шарттармен, еңбек контрактілерімен және келісімдермен жұмыс істейтіндерді қосқанда) төлем көздерінен ұсталатын, жеке тұлғалардың табыс салығын есептеу Патент құнын анықтау кезінде жүргізілуі тиіс.

50 адамнан астам жұмыс істейтін шекті саны бар қожалық төлем көздерінен

ұсталатын, жеке тұлғалардың табыс салығын есептеу салық заңдарына сәйкес, жалпы белгіленген тәртіпте еңбекке ақы төлеу жөніндегі есеп айырысу ведомостарын жүргізе отырып жүргізеді. Бұл ретте, төлем көздерінен ұсталатын, жеке тұлғалардың табыс салығын төлеу Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлығының 50-бабына сәйкес

жүргізіледі.";

10-тармақта:

екінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Бұл ретте, Қожалықтар төлем көздерінен ұсталатын, жеке тұлғалардың табыс салығын есептеуді жалпы тағайындалған тәртіпте жүргізеді және кемітуге жатпайды.";

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Жеке тұлғалардан табыс салығын ұстау және бюджетке аудару жауапкершілігі табыс төлейтін Қожалыққа жүктеледі.";

Ереженің 4-қосымшасына:

12-жолдағы "11" деген сан алып тасталсын;

15-жолдағы "13-жол" деген сөздердің алдына "11-жол+" деген сөздермен толықтырылсын.

Оқығандар:

Үмбетова А.М.

Қасымбеков Б.А.